

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 1518 Жарлығы "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 1327 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 15, 184-құжат; N 48, 591-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымындағы:

"Президенттің Парламент Сенатындағы өкілі
Президенттің Парламент Мәжілісіндегі өкілі"
деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Президенттің Парламенттегі өкілдігі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті